



«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы
А.Е. Сейлханованың диссертациялық жұмысына
шетелдік ғылыми кеңесші Cem Erdem

ШІКІРІ

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау мәселесі бойынша қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің қалыптасқан көпжылдық тәжірибесіне қарамастан, қазіргі әлемдік сын-қатерлер кезінде шеттілдік даярлау үрдісін ұйымдастырудағы цифрландыру мүмкіндіктерін қолдану өзекті мәселелердің бірі болмақ. 2020 жылдан бері әлем бойынша таралған пандемия көрсеткендей, Қазақстан және басқа да мемлекеттердің жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлаудың көптеген аспектілерін қайта қарастыру, қолданыстағы механизмдерін жетілдіру, студенттерді оқытудың жаңа стратегияларын іздеу қажеттілігі туындағанын меңзейді.

Жоғарыда аталған алғышарттарды ескере отырып, А.Е. Сейлханованың диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесі талаптарына толық сәйкес келеді. Өйткені, Сейлханова Айнурдың диссертациялық зерттеуі цифрлық экономика жағдайында мемлекеттің басым бағыттарының бірі кадрларды даярлау мақсатымен ұштасады. Сондай-ақ, болашақ шетел тілі мұғалімдер арасында жүргізілген зерттеу негізінде цифрлық педагогиканың теориялық-педагогикалық негіздерін айқындауы өзінің теориялық және практикалық жаңалығымен ерекшеленді.



Соның бірі - әзірленген технология аясында цифрлық педагогиканы құндылықтар жүйесіне енгізу; технологияның нәтижелігі ретінде оның диагностикалық құралдар тұтастығы жайлы болашақ шетел тілі мұғалімдер арасында эмоционалды және кәсіби «сарқылу» белгілерін жұмыс орындарындағы педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі мен тұрақсыздығының алдын алу; соның негізінде мамандыққа беріктілікке көңіл бөлу, цифрлық сауаттылық индексін жүргізу жайлы өзекті мәселелер диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырды.

Бар диссертациялық мәліметтер өзінің ішкі бірлігімен, зерттеу міндеттері және нәтижелердің сәйкестігімен айқындалып, диссертацияның мақсаты мен міндеттері толық өзара ұштасады. Қолданылған ғылыми зерттеу әдістері алынған нәтижелердің сенімділігін, диссертация қорытындысын негізділігін қамтамасыз етеді.

Докторант Сейлханова А.Е. зерттеу жұмысын ұйымдастыруда, зерттеу нәтижелерін тексеру мен тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізе білуде жоғары біліктілігін көрсете алды. Сонымен қатар, статистикалық әдіс-тәсілдерді сенімді әрі еркін қолданып, өзінің шығармашылығын, жан-жақтылығын танытты. Докторант зерттеу жұмысының барысында ғылыми кеңестер алып, өзінің дербестігімен және құлшылығымен көзге түсті.



Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мен Сейлханова Айнур Ергалиевнаның «Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі логикалық тұрғыдан аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады; біліктілік жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сай келеді және оның 6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
профессор, PhD

Cem Erdem
(Professor, Ph.D. Institute of
Oriental Studies, Adam Mickiewicz University)

Cem Erdem

Instytut Orientalistyki UAM
Uniwersytet im. A. Mickiewicza
al. Niepodległości 24
61-714 Poznań-Poland



UNIWERSYTET IM. ADAMA MICKIEWICZA W POZNANIU

Wydział Neofilologii
